

**«Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы»
шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік
кәсіпорнының 2024 жылдың II тоқсанына түсіндерме хаттамасы**

«13» маусым 2024 жыл

Өткізілген орны, уақыты: Атырау облысы, Атырау қаласы, Қайырғали Смағұлов, 14 а, мәжіліс залы, сағат: 15:00.

Қатысқандар:

Сагатов А.К. – қауіпсіздік қызметі

Ғазиз Н.Н. – заңгер көмекшісі

Тастемирова Ж.К. – персоналды басқару бөлімі басшысының у.м.а


Күн тәртібінде: II тоқсан бойынша түсіндірме жұмыстар

Сагатов А.К. сөз сөйлеп, ағымдағы жылдың 2-тоқсанында «Атырау облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы» ШЖҚ КМК-да сыбайлас жемқорлық фактілерінің анықталмағанын және орын алмағандығын, е-Өтініш порталы арқылы тұрғындар тарапынан арыз-шағым болмағандығын баяндап, алдағы тоқсандарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу қажет екендігін ескертті.

Ғазиз Н.Н. сөз сөйледі: сыбайлас жемқорлық фактілерінің жолын кесетін іс-шаралар қабылдап отыру, азаматтардан түсетін өтініштерді мерзімінде тіркеп, оларға заңды түрде жауап беруді ұдайы бақылауда ұстауды қажет екенін атап айтты. Сондай-ақ алдағы тоқсандарда «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығын басшылыққа ала отырып, ішкі талдау жүргізуге дайындық жұмыстарын бастауды тапсырды.

Комплаенс-офицер  **А.К.Сагатов**

Хатшы



М.Ахатова